

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Кітапхана - көркем ойымыздың кепілі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.09.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/125368/>

Әлемдік өркениетте кітапхананың алатын орнын ешкім де жоққа шығара алмайды. Осы орайда еліміздің еңселі қара шаңырағының бірі Ұлттық академиялық кітапхананың бүгінгі мен болашағы турасында айта кеткіміз келеді.

Тарих қойнауына тереңдеп бармай-ақ, бүгіннің биігінен қарағанның өзінде елімізде кітапхана ісінің кең қанат жайып келе жатқанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Ең бастысы, қалың көпшіліктің кітап оқуға деген ынта-ықыласы арта түскені байқалады. Статистикаға жүгінсек, соңғы бес жылдық көрсеткіш бойынша ұлттық кітапхананың оқырмандар саны жыл сайын тұрақты түрде 1000-2000 оқырманға өсіп отырады екен. Мәселен, 2019 жылы 20411 оқырман тіркелсе, биылғы 2020 жылдың екі айында ғана тіркелген оқырман саны 21064-ке жеткен. 2019 жылдың есебі бойынша оқырмандар саны 52004-ке жетіп отыр. Бұл соңғы 5 жылда кітап оқушылар санының екі есеге өсіп отырғанын аңғартады.

Қазірде жастар кітапханаға бармайды дейтін пікірлер жиі айтылып жатады. Керісінше, бүгінде жас та, жасамыс та, бала да қария да кітап оқуға ден қоя бастаған. Тіпті, оқырмандардың басым бөлігін жастар құрап келеді. Кітапханада таңертеңнен қара кешке дейін отыратын оқырмандар аз емес. Мәселен, былтыр оқырмандар арасында кітапхананың жұмыс уақытына байланысты сауалдама жүргізген уақытта, сауалдамаға қатысқандардың арасында кітапхананың аптасына жеті тәулік бойы 24 сағат жұмыс істегенін қалайтындар көп анықталды. Ондай оқырмандар аз болғанымен, кітапхана олардың да пікірін елеп-ескеруге тырысады.

Дәл қазіргі уақытта Ұлттық академиялық кітапхана қашықтық режимінде оқырмандарға онлайн қызмет көрсетуде. Бұл орайда Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханасы күнделікті жұмыс істеп тұр. Қазір Қазақстанның Ұлттық электронды кітапхана қызметін әлемнің 60-тан астам елінен пайдаланушылар қолданып жатыр. Олардың қатарында Қазақстан, Ресей, Қытай, Түркия, АҚШ елдері бар. Сондай-ақ, порталды ТМД, Финляндия, Германия, Болгария, Румыния, Жапония, Оңтүстік Корея және т.б. елдер қолданып отыр.

кітапханашы Калиева Гульнар

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.